

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 951 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 18109 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4 Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігі

2018 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеін атқарушының 2015 жылғы 10 қарашадағы № 1061 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12452 болын тірлеген, 2015 жылғы 31 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйсінде жарияланған):

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларында (бұдан әрі –Қағидалар)

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабының 7-тармағының 1) тармақшасымен айқындалатын тәртіпте және мөлшерде алым алынады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өтінім беруші ұшуларды орындауды бастаудың жоспарланған күніне дейін 64 (алпыс төрт) жұмыс күні мерзімінде Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайдаланушы сертификатын алу үшін Мемлекеттік корпорацияға, "электрондық үкіметтің" веб-порталына өтінімді жібереді.";

Қағидаларға 2-қосымша осы тізбеге 1- қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 7-қосымша осы тізбеге 2- қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қазандағы № 1024 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12511 болын тірлеген, 2015 жылғы 31 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйсінде жарияланған):

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі –Қағидалар):

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсат алуға өтінімнің жалпы қарау мерзімі өтінім берушінің оны берген сәтінен бастап 40 (қырық) жұмыс күнінен аспауы тиіс.";

6, 7 және 8 - тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабының 7-тармағының 1) тармақшасымен айқындалатын тәртіпте және мөлшерде алым алынады.";

7. Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға бастапқы рұқсатты алу үшін өтінім беруші ұшуды орындауды бастаудың жоспарланған күніне дейін 40 (қырық) жұмыс күн бұрын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізбеде көрсетілге құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім Мемлекеттік корпорацияға, "электрондық үкіметтің" веб-порталына жүгінеді.";

8. Авиациялық жұмыстарға кезекті рұқсат алу үшін пайдаланушы куәліктің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 40 (қырық) жұмыс күнінен кем емес осы Қағидаларға жоғарыда көрсетілген қосымшаларға сәйкес құжаттармен өтінімді береді." ;

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Уәкілетті орган 2 (екі) жұмыс күні ішінде сертификаттық зерттеп-қарауды жүргізу үшін комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады, оның құрамына функцияларына ұшуды пайдалану, әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы, авиациялық қауіпсіздігі және авиациялық персоналға куәліктер беруді ұйымдастыру және медицина бойынша мәселелері жататын мемлекеттік авиация инспекторлары кіреді.";

12. Комиссия 5 (бес) жұмыс күні ішінде, уәкілетті орган мемлекеттік авиация инспекторлары үшін әзірлеген нұсқаушы материалды пайдалана отырып, өтінім берушінің пайдаланушыларға қойылатын сертификаттау талаптарының сәйкестігіне сертификаттық тексеруді жүзеге асырады.";

Қағидаға 2-қосымша осы тізбеге 3- қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидаға 6-қосымша осы тізбеге 4- қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қазандағы № 1023 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12804 болып тірлеген, 2016 жылғы 15 қаңтарда "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйсінде жарияланған):

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі –Қағида):

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұшуға рұқсат беру мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) өтініш берушінің Мемлекеттік корпорацияға, "электрондық үкіметтің" веб-порталына осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген өтінімге қоса берілетін құжаттар тізбесімен осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшуға рұқсат алу өтінімін беруі.

Өтініме, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ұшуды орындау жөніндегі нұсқау, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі пайдаланушының нұсқауы қоса беріледі;

2) уәкілетті органның құжаттарын тексеруі;

3) уәкілетті органның өтініш берушіні тексеріп қарауды жүргізуі;

4) ұшуға рұқсат беру – ұшуды орындау құқығына арналған куәлікті (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы) беру.

5. Ұшуға рұқсат алу үшін өтініш беруші ұшуды орындауды бастаудың жоспарланған күніне дейін 60 (алпыс) жұмыс күн бұрын осы Қағидалар 4 – тармағының 1) тармақша – сына құжаттар өтінімді Мемлекеттік корпорацияға, " электрондық үкіметтің" веб-порталына жібереді."

4. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Азаматтық әуе кемелерін
пайдаланушыны сертификаттау
және оған сертификат беру
қағидаларына
2-қосымша

Пайдаланушы сертификатын алуға өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізбесі

1. Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжат.

2. Пайдаланушының бірінші басшысы қол қойған, қызметтің сертификаттық талаптарға, Пайдаланушы Нұсқауларының ережелеріне сәйкестігі туралы декларация және осы сәйкестікті тұрақты түрде қолдану туралы міндеттемесі.

3. Өтініш беруші жарғысының және құрылтай шартының көшірмесі.

4. Өтініш берушінің мыналарды:

1) өтініш берушінің негізгі деректері мен құрылтайшылары;

2) жоспарланатын коммерциялық әуе тасымалдарының / жұмыстарының түрлері;

3) ұшу жұмысын ұйымдастыру;

4) ұшуға жарамдылықты қолдау жүйесі;

5) ұшуды қамтамасыз ету;

6) ұшу персоналы мен техникалық персоналдың әзірлігі;

- 7) техникалық қызмет көрсету объектілерінің әзірлігі;
- 8) әуе кемелерінің әзірлігі;
- 9) авариялық эвакуацияны көрсету және демонстрациялық ұшуды өткізу жоспарын қамтитын ақпараты адамдар.

5. Ұйымдық құрылымы, басқару құрылымы мен қызметі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), білімі, біліктілігі және жұмыс тәжірибесі көрсетілген жауапты тұлғалар.

6. Мынадай басшылардың және/немесе жауапты тұлғалардың тағайындалуын растайтын құжаттар:

- ұшу қауіпсіздігі бойынша қызмет;
- ұшу қызметі;
- ұшуға жарамдылықты қолдау бойынша қызмет;
- жер үсті қамтамасыз ету бойынша;
- персоналды даярлау бойынша;
- авиациялық қауіпсіздік бойынша;
- бортсеріктер қызметі (бар болса);
- сапаны бақылау бойынша.

7. Типі, моделі, сериясы, ұлттық және тіркеу белгілері көрсетілген әуе кемелерінің тізімі.

8. Авиациялық персонал бойынша ақпарат.

9. Ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқау.

10. Сертификатталған ең ауыр ұшып көтерілу салмағы 5700 кг. жоғары әуе кемелерін пайдаланатын пайдаланушылар үшін ұшу қауіпсіздігін басқару бойынша нұсқау.

11. Техникалық қызмет көрсетуді реттеу бойынша пайдаланушының нұсқауы.

12. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша бағдарлама (регламент).

13. Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері туралы заңдарына сәйкес пайдаланушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру полистерінің көшірмелері.

14. Пайдаланушының басшысы бекітетін әуе кемелерін бояу үлгілері мен мәтіндік сипаттамасы.

15. Пайдаланушының авиациялық қауіпсіздік бағдарламасы;

16. Ұшуды жер үстінде қамтамасыз ету бойынша ақпарат;

17. Жұмыс түрлері көрсетілген сыртқы ұйымдармен техникалық қызмет көрсетуге жасалған шарттардың тізбесі.

18. Сыртқы ұйымдармен ұшуға жарамдылықты қолдауға жасалған шарттардың көшірмелері.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың барлық көшірмелері өтініш берушінің қолымен куәландырылады.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Азаматтық әуе кемелерін
пайдаланушыны сертификаттау
және оған сертификат беру
қағидаларына 7-қосымша

Пайдаланушы сертификатына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге арналған құжаттардың тізбесі

1. Әуе кемесін пайдаланушы сертификатына енгізген кезде өтініш беруші пайдаланушы сертификатына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге өтінім мен бірге мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- 2) ұшуға жарамдылық сертификатының, радиостанцияға арналған рұқсатының (лицензияның) және әуе кемесі тұрған жердегі шу бойынша сертификатының көшірмелері;
- 3) ұшуға жарамдылықта ұстау туралы мәліметтер;
- 4) әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету туралы мәліметтер;
- 5) ұшу және техникалық құрам туралы мәліметтер;
- 6) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарына сәйкес пайдаланушының оның қызметкерлері алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың сақтандыру полистерінің көшірмелері;
- 7) ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқауға, техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі пайдаланушы нұсқауына, техникалық қызмет көрсету бағдарламасына, ең аз жабдықтардың тізбесіне (MEL) тиісті өзгерістер мен толықтырулар.

2. Экипажсыз жалға алған әуе кемесін пайдаланушы сертификатына енгізген кезде өтініш беруші, осы тізбенің 1-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мыналарды ұсынады:

- 1) әуе кемесінің типі, моделі және сериялық нөмірі туралы мәліметтер;
- 2) әуе кемесі иесінің тегі (атауы) және мекенжайы;
- 3) тіркелген мемлекеті, ұлттық және тіркеу белгілері туралы мәліметтер;
- 4) уәкілетті орган берген әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын жарамды деп тану туралы шешімнің көшірмесі (басқа мемлекетте тіркелген әуе кемесін жалға алған жағдайда);
- 5) әуе кемесін пайдалану бойынша бақылауға, техникалық қызмет көрсетуге және ұшу жарамдылығын сақтауға жауапты тараптар, сондай-ақ жалға алу мерзімі көрсетілген әуе кемесін экипажсыз жалға алу туралы шарттың көшірмесі;

б) ұшу орындалатын аудандар.

3. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың барлық көшірмелері өтініш берушінің қолымен куәландырылады.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша
Пайдаланушыны авиациялық
жұмыстарға рұқсат беру
қағидаларына
2-қосымша

Пайдаланушыға авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған рұқсат алуға өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізбесі

1. Авиациялық жұмыстарды орындайтын пайдаланушыны сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжат.

2. Пайдаланушының бірінші басшысы қол қойған қызметтің сертификаттық талаптарға, Пайдаланушы нұсқауларының ережелеріне сәйкестігі туралы декларация және осы сәйкестікті тұрақты түрде қолдап тұру міндеттемесі.

3. Өтініш беруші жарғысының және құрылтай шартының көшірмесі заңды тұлға үшін.

4. Өтініш берушінің мынаны:

өтініш беруші қызметінің негізгі орнын;

болжамды ұшу түрлерін;

ұшу жұмысын ұйымдастыруды;

ұшуға жарамдылықты қолдау жүйесін;

ұшуды қамтамасыз етуді;

ұшу персоналы мен техникалық персоналдың әзірлігін;

техникалық қызмет көрсету объектілерінің әзірлігін;

әуе кемелерінің әзірлігі қамтитын ақпараты.

5. Ұйымдастырушылық

басқару құрылымы және лауазымын, Т.А.Ә., білімін, біліктілігін және жұмыс тәжірибесін көрсете отырып, жауапты тұлғалар.

6. Мынадай қызметтер басшыларының немесе жауапты тұлғалардың тағайындалғанын растайтын құжаттар:

ұшу пайдалану;

ұшу қауіпсіздігі;

ұшуға жарамдылықты қолдау;

сапаны бақылау;

авиациялық қауіпсіздік;
персоналды даярлау;
ең жоғары сертификатталған ұшу массасы 5700 килограмм және одан кем болатын әуе кемелерінің пайдаланушысы үшін:

ұшу пайдалану;
ұшу қауіпсіздігі;
ұшуға жарамдылықты қолдау;
авиациялық қауіпсіздік.

7. Авиациялық персонал жөніндегі ақпарат.

8. Ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқау.

9. Техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі пайдаланушының нұсқауы.

10. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бағдарламасы (регламент).

11. Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері туралы заңдарына сәйкес пайдаланушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру полистерінің көшірмелері.

12. Пайдаланушының басшысы бекітетін әуе кемелерін бояу үлгілері мен мәтіндік сипаттамасы.

13. Пайдаланушының авиациялық қауіпсіздік бағдарламасы;

14. Жұмыс түрлері көрсетілген сыртқы ұйымдармен техникалық қызмет көрсетуге жасалған шарттардың тізбесі.

15. Сыртқы ұйымдармен ұшуға жарамдылықты қолдауға жасалған шарттардың тізбесі.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың көшірмелері өтініш берушінің қолымен куәландырылады.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Пайдаланушыны авиациялық
жұмыстарға рұқсат беру
қағидаларына
6-қосымша

Нысан

Уәкілетті органның лауазымды адамына

Авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктің пайдалану ерекшеліктеріне өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге арналған өтінім

(өтініш берушінің толық атауы) _____

(куәліктің пайдалану ерекшеліктері, дәлелді құжаттамаға (өзгерістер мен (немесе) толықтырулар)

өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуді сұраймын, ұшуды бастаудың жоспарланған күні: _____

(өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде қолданыстағы куәліктің аяқталу мерзімі, сондай-ақ жаңа пайдалану жағдайларында ұшуды бастаудың жоспарланған күні көрсетіледі).

Басшы _____

(лауазымы/қолы/күні)

Авиациялық жұмыстарды орындау құқығындағы куәлікке өзгерістер енгізуге арналған құжаттар тізбесі

1. Әуе кемесін куәлікке енгізу кезінде өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:
 - 1) өтінім;
 - 2) әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
 - 3) ұшуға жарамдылық сертификатының көшірмесі, радиостанцияға арналған рұқсат (лицензия), әуе кемесі тұрған жердегі шу бойынша сертификат;
 - 4) ұшуға жарамдылықты ұстау туралы мәліметтер;
 - 5) әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету туралы мәліметтер;
 - 6) ұшу және техникалық құрам туралы мәліметтер;
 - 7) Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері туралы заңдарына сәйкес пайдаланушының қызметкерлерінің алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру полистерінің көшірмелері;
 - 8) ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқауға, техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі пайдаланушы нұсқауына, техникалық қызмет көрсету бағдарламасына, ең аз жабдықтардың тізбесіне (MEL) тиісті өзгерістер мен толықтырулар.

2. Экипажсыз жалға алынған әуе кемесінің авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлігіне енгізу үшін құжаттар тізбесі.

Өтініш беруші экипажсыз әуе кемесін жалға алған кезде, осы тізбенің 1-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мыналарды ұсынады:

- 1) әуе кемесінің типі, моделі және сериялық нөмірі туралы мәліметтер;
- 2) әуе кемесі иесінің тегі (атауы) және мекенжайы;
- 3) тіркелген мемлекеті, ұлттық және тіркеу белгілері туралы мәліметтер;

4) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын жарамды деп тану туралы шешімнің көшірмесі (басқа мемлекетте тіркелген әуе кемесін жалға алған жағдайда);

5) әуе кемесінің пайдалану бойынша бақылауға, техникалық қызмет көрсетуге және ұшу жарамдылығын сақтауға жауапты тараптар, сондай-ақ жалға алу мерзімі көрсетілген әуе кемесін экипажсыз жалға алу туралы шарттың көшірмесі;

б) ұшу орындалатын аудандар.

3. Жоғарыда көрсетілген барлық құжаттардың көшірмелері өтініш берушінің қолымен куәландырылады.

4. Әуе кемелерін пайдалану тоқтатылған жағдайда, пайдаланушы бұл туралы уәкілетті органды дереу хабардар етеді, бұл аталған әуе кемелерін куәліктен алып тастауға негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
7-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.